КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 25 шілде №7119-23-00-2/7943 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев,
хатшылықта А. К. Кангужинаның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. «БиоЛайн-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2. Жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» Тренченко Андрей Иванович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өкілі - Т. А. Сағынтай
«БиоЛайн-Казахстан» ЖШС-ң өкілі – Х. И. Саттарова
Прокурор Р. Т. Байзульдинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК мен
1) «БиоЛайн-Казахстан»ЖШС (бұдан әрі – жауапкер 1) арасында жасалған 23.01.2023 ж. № 53 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес Жауапкер Талапкерге жалпы сомасы 99724,80 теңгеге;

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.07.2023
Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Бакишев А. Б., 28.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2) «MedServiceExpert» ЖК (бұдан әрі – жауапкер 2) арасында жасалған 23.01.2023 ж. № 54 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес Жауапкер Талапкерге жалпы сомасы 111100 теңгеге тауар жеткізуге міндеттенеді.

Шарттың 4.6-тармағына сәйкес талапкердің жазбаша өтінімі бойынша 16 (он алты) күнтізбелік күн ішінде тауар жеткізіледі және қызмет көрсетіледі.

Талап қоюшы талап арызында, келісім журналына сәйкес талапкер жауапкерлерге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жазбаша өтінімдер жіберді:

1) «БиоЛайн-Казахстан» ЖШС-ге 99724,80 теңге сомасына тауарды жеткізуге 04.04.2023 ж. № 525 өтінім. Жауапкер тауарды жеткізбеді.

2) «MedServiceExpert» ЖК-ге 111100 теңгеге тауарды жеткізуге 04.04.2023 ж. № 528 өтінім берілді. Жауапкер тауарды жеткізбеді деп көрсеткен.

Осыған байланысты жауапкерлер тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс. Тұрақсыздық айыбы келесі есептеулерден тұрады:

1) «БиоЛайн-Казахстан» ЖШС

а) орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасы: 99724,80 теңге;

б) 99724*0,1%*25 күн міндеттемелерді бұзу (2023 жылғы 21 сәуір - 15 мамыр аралығында)= 2493 теңге;

2) «MedServiceExpert» ЖК

а) орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасы: 111100 теңге;

б) 111100*0,1%*25 күн міндеттемелерді бұзу (2023 жылғы 21 сәуір - 15 мамыр аралығында)= 2776 теңге

Соттан «БиоЛайн-Казахстан» ЖШС, «MedServiceExpert» ЖК-ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, «БиоЛайн-Казахстан» ЖШС-ден «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК пайдасына 2493 теңге тұрақсыздық айыбын, «MedServiceExpert» ЖК-ден «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК пайдасына 2776 теңге тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрайды.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер Жеке кәсіпкер «MedExpertPro»-ның өкілі талап қою арызбен келіспей, қарсылығын жазба пікірінде көрсетті.

Жаупкер Жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, бірақ, сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот АПК-нің 196 -бабының 4 - тармақшасын басшылыққа ала отырып, істі үшінші тұлғаның келмей қалу себептерін негізсіз деп санап, қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор сот отырысында «БиоЛайн-Казахстан» ЖШС-не талап қанағаттандыруға жатпайды, Жеке кәсіпкер «MedServiceExpert»-не талап қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.07.2023
Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Бакишев А. Б., 28.09.2023
7119-23-3-6/542

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 23 қантарда талапқоюшымен және жауапкер Жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» арасында шарт жасалған.

Талап арызда жаупкер шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкерлер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында жауапекрелер шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, сот шарт бойынша Жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» -тен 2776 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттардың 7.4 тармағына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

ЖК әрекеттерінде шарттың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

2023 жылғы 23 қантарда талапқоюшымен және жауапкер «БиоЛайн-Казахстан» ЖШС арасында шарт жасалған.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Бакишев А. Б., 28.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап арызда жаупкер шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Сонымен қатар сотта анықталғандай 31 мамыр 2023 жылы жаупкер талап қоюшыға ішінәра 39 244,80 тенгеге тауарларды No 230053/00/3 акт бойынша қойлыған, тұрақсыздық айыбын өндіріп берген.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысысың 8 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сот жоғарыда негізінде, өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарлар жоқ екнін назарға алып, талап қоюшының жауапкер «БиоЛайн-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап арызы қанағаттандырудан бас тартылсын деп қорытындыға келеді.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның талап қою арызы ішінәра қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» Тренченко Андрей Иванович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын

Жауапкер жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» Тренченко Андрей Ивановичтен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Бакишев А. Б., 28.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 2 776 (екі мың жеті жүз жетпіс алты) теңге айыппұл сомасы және 83 (сексен үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «MedServiceExpert» Тренченко Андрей Ивановичтен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жауапкер «БиоЛайн-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап арызы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.Б.Бакишев**

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Бакишев А. Б., 28.09.2023